

«№ 42 мектепке дейінгі гимназиясы» КМҚК
басшы Кожахметова Л.



**Ата-аналарға (занды өкілдеріне) және отбасы жағдайында тәрбиленетін
балаларға арналған консультациялық пункт туралы**
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Отбасы жағдайында тәрбиленетін балалар ата-аналарына (занды өкілдеріне) арналған консультациялық пункт сайтта және мектепке дейінгі білім беру бағдарламасын іске асыратын Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің, «Павлодар қаласының №42 мектепке дейінгі гимназиясы» КМҚК -да үйымдастырылады.
- 1.2. Консультациялық пункт мектепке дейінгі білім беру бағдарламасын іске асыратын білім беру мекемесінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.
- 1.3. Консультациялық пункт ата-аналар (занды өкілдеріне) және білім беру мекемесіне бармайтын балалар үшін жасалады.
- 1.4. Осы ереже мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде (бұдан әрі - МДБМ) жұмыс істейтін Консультациялық пункттер қызметтерін реттейді.
- 1.5. Консультациялық пункт мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесі мен дамуында отбасыға көмек көрсету нысандарының бірі болып табылады.

2. Консультациялық пункттің жұмыс істеу мақсаттары мен міндеттері

- 2.1. Консультациялық пункті отбасы мен қоғамдық тәрбиенің бірлігін және келісімдігін қамтамасыз ету, ата-аналарға (занды өкілдеріне) психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, білім беру мекемелеріне бармайтын балалардың жан-жақты дамуына демеу болу мақсатында құрылады.

2.2. Консультациялық пункттің негізгі міндеттері:

МДБМ бармайтын балалардың дамуы үшін жағдайды қамтамасыз етуде, ата-аналарға (занды өкілдеріне) жан-жақты көмек көрсету;

Мектеп жасына дейінгі баланың тәрбиесі, оқытуы мен дамуының әртүрлі мәселелері жөнінде ата-аналарға (занды өкілдеріне) жан-жақты көмек көрсету;

МДБМ бармайтын, мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтенуіне көмек көрсету;

МДБМ және балалар мен ата-аналарға (занды өкілдеріне) әлеуметтік және медициналық жәрдем беретін өзге де үйымдар арасында өзара әрекеттестік қамтамасыз ету болып табылады.

3. Консультациялық пункт қызметін үйымдастыру

3.1. Сайтта және МДБМ-де қажетті консультациялар, ата-аналар (занды өкілдерінің) сұранысы бойынша жеке және топтық консультациялар беру, жазбаша өтініш, телефонмен хабарласу, білім беру мекемесі сайтының жұмысын үйымдастыру арқылы және т.б. бойынша сырттай консультациялар үйымдастыру - консультациялық пункт қызметінің негізгі нысандары болып табылады.

3.2. Консультациялық пункт ата-аналарға (занды өкілдеріне) өзінің консультациялық көмегін мынадай мәселелер бойынша жүзеге асыра алады:

Балалардың жас және психикалық ерекшеліктері;

Мектепте окуга дайындық;

МДБМ-не бармайтын, мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу бұзылуын алдын алу;

Балалардың шынығуы мен сауықтыруы үшін жағдай жасау.

3.3. Консультациялық пункт айна 1 рет консультация түрінде сайтқа жаңа ақпарат орналастырады және әр апта сайын мына телефондар: 676196, 87772750385 бойынша хабарласып, керекті ақпаратты алып немесе өз проблемаңызды хабарлауыңызға болады.

3.4. Ата-аналарға (занды өкілдеріне) психологиялық-педагогикалық көмекті үйымдастыру мамандар: басшы, әдіскер, медициналық қызметкер, логопед, педагог-психолог, музика жетекшісі, денешынықтыру нұсқаушысы қызметтерінің бірлестігі негізінде құрылады.

Ата-аналарға (занды өкілдеріне) консультация беру бір немесе бірнеше өкілдерімен бір уақытта өткізілуі мүмкін.

3.5. Консультациялық пункттің қызметін белгілеу үшін мынадай құжаттарды жүргізу қажет:

Консультациялық пунктің жұмыс жоспары;

МДБМ басшысымен бекітілген Консультациялық пункттің жұмыс кестесі.